

## 2023 жылы кәсіподақ мүшелері мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс қорытындылары туралы АҚПАРАТ

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы жыл сайын кәсіподақ мүшелері мен балалардың жазғы демалысын және сауықтыру жөнінде жұмыстарын жүргізеді.

2022 жылы жазғы демалысты ұйымдастыру үшін мүшелік ұйымдар 1 351 260 820 теңге, оның ішінде 29 999 кәсіподақ мүшелерін сауықтыруға – 1 192 340 742 теңге, 6 284 баланың демалуына 148 620 583 теңге бөлді.

2023 жылы 1 482 316 661 теңге, оның ішінде 24 562 қызметкерді сауықтыруға – 1 373 726 157 теңге, 5 846 балаға – 108 590 504 теңге бөлінді.

### Жазғы демалыстар бойынша салыстырмалы талдау

Кезең	Демалыспен қамтылған кәсіподақ мүшелерінің саны	Сомасы тг.	Демалыспен қамтылған балалардың саны	Сомасы тг.	Жалпы сома тг.
2022 ж.	29 999	1 192 340 742	6284	148 620 583	1 351 260 820
2023 ж.	24 562	1 373 726 157	5 846	108 590 504	1 482 316 661
	- 5 437	+181 385 415	-438	-40 030 079	+131 055 841

2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмысшылардың ең көп саны келесі ұйымдарда қамтылды: Жамбыл – 6163 адам, Шығыс Қазақстан – 3041 адам, Ақмола – 2552 адам, Қызылорда – 1978 адам, Солтүстік Қазақстан – 1951 адам, Ақтөбе – 1478 адам, Павлодар – 1018 адам.

Кәсіподақтар федерациясының шипажайларына жолдама сатып алуға ең көп қаражат келесі ұйымдарда жұмсалды: Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымы – 161 миллион теңгеден астам, Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы – 102 миллион теңге, Атырау облыстық кәсіподақ ұйымы – 88 миллион теңге, Алматы қалалық «Ұстаз» кәсіподағы – 83 млн теңге, Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы – 81 млн теңге.

**Кәсіподақ мүшелерін сауықтыруға бөлінген қаражаттың ең көп мөлшері:**

№	Кәсіподақ ұйымы	Сома (теңге)
1.	Жамбыл	270 655 000
2.	Ақтөбе	152 806 980
3.	Қызылорда	148 739 000
4.	Атырау	101 804 000
5.	Ақмола	89 743 926
6.	Шығыс Қазақстан	88 500 439

7.	Павлодар	86 659 700
----	----------	------------

Сауықтырудан өткен білім беру қызметкерлерінің жалпы санынан 2023 жылы 6790 адам немесе 27% Қазақстан кәсіподақтар федерациясының шипажайларында демалды (1 063 174 220 теңгені құрады).

Өткен жылмен салыстырғанда шипажайларға сатып алынған жолдамалар саны 182-ге азайды.

Ең көп қызметкерлер келесі шипажайларда сауықтырудан өтті: «Меркі» – 1338, «Манкент» – 1251, «Жаңақорған» – 839, «Сосновый бор» – 824, «Көктем» – 776, «Мойылды» – 726, «Сарыағаш» – 513, «Щучинский» – 457.

2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда демалыспен қамтылған кәсіподақ мүшелерінің балаларының саны 438-ге азайып, 108 590 504 теңге бөлінді.

Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша жазбаша түсіндірме жазбаны кәсіподақ ұйымдарының барлығы барлығы жолдады. Бірақ, ақпарат толық көлемде емес, бұрынғыдай кестелік материалдарда көрсетілген сандық мәліметтерді ұсынумен шектеліп, жұмысшылар мен балалардың демалысы мен сауықтыруын ұйымдастырудағы проблемалар мен шешілмеген мәселелер көрсетілмеген.

**Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының  
Ұйымдастыру жұмысы бөлімі**